

ХАДИША РӨЛІН ҚАТТЫ ҰНАТАМЫН



«Жалбыр» – 1916 жылғы қазақ халқының патшаға қарсы көтерілісінен алынған уақиға. Бұл «Қыз Жібек» заманынан бері, оған қарағанда өзіміздің дәуір сияқты. Біз 1916 жылғы уақиғаны жақсы білеміз. Дәл сол уақиғаға араласпағанмен, сонда қатысқан адамдардың көбінің көзі тірі. Олардың талай ерлігін, талай кездескен трагедиясын өз көзімізбен көріп, өз құлағымызбен естігенбіз. Сондықтан Хадишаны ойнағанда 1916 жылдың түрлі суреттерін көз алдыма елестетемін. Сол жылдардағы Хадишадай қазақ қызын көргенім де бар. Сондықтан Хадиша рөлін мен шын беріле сүйіп ойнаймын.

Сонан соң Хадишалардың трагедиясы – төңкерістен бұрын барлық қазақ әйелдерінің басында болған трагедия. Малға сатылу, сүйгеніне бара алмай күштіден зорлық көру, басында бостандық болмау, әлеуметтік тіршілікке араласа алмау сияқты оқиғаларды жақсы білеміз. Ондай әйелдер Совет өкіметі әбден нығайып болғанша болып келді. Ондай әйелдердің талайының көз жасын өзіміз қолымызбен сүрткенбіз.

Сондықтан Хадишаны ойнағанда өзі сүйгеніне бара алмаған Хадиша алдай да біледі, сүйе де біледі, уәдесінде тұра алады да, дұшпанымен күресе де алады. Осы жоғарыда айтылған жағдайларды Хадишаның басына сыйдырып, ол дәуірдегі шындықты, қазақ әйелінің трагедиясын Хадиша арқылы бүгінгі жұртшылыққа жеткізу – менің міндетім болды.

Сүйгеніне бара алмаған, нашар рудан шыққан, әке-шешесі бөлек отырған кедейдің қызы болса да, сонысына қарамай өзінің жауын ел үшін ажырата білетін, шындасып келгенде дұшпанмен белдесіп күресуге жарайтын әйелдің келбетін толық көрсете алсақ, Хадишаның рөлі шыққан болар еді.

Ол уақытта Хадиша сияқты әйелдердің дұшпаны кімдер болды десек, ол – зорлықшыл, күшті рудан шыққан жуан аталар еді, байлар еді. 1916 жылдан бұрын қазақ әйелдерінің дегені болмай келді. 1916 жылғы қазақ елінің патшаға қарсы көтерілісі, оның ішінде солармен бірге, олардан кегін ала алған жоқ. Не айтса да, солардың қолдаған болыс-билеріне қарсы ереуілі қазақтың жалғыз еркектерінің ғана бостандықты көксеген ереуілі емес, әйелдердің ішінде де ғасырлар бойы жаншылып келген зардаптың уытының салдарынан еді.

Міне, сондықтан он алтыншы жылғы көтерілісте әйелдер салт-сана, ескі ғұрыпты аяққа басып, қолдарына бақан алып, еркектермен бірге күшті қарсылық жасады. Мінеки, Хадиша да – сол әйелдердің алдыңғы қатарының бірінде болған әйел.

Хадишаны ойнағанда сондай дұшпандарды Хадишаның емес, дәл өзімнің дұшпанымдай қылып өзіме қарсы қоямын. Оларды алдасам да, арбасам да, шындап алдап жүргендей боламын. Солай істеймін де.

Былай алғанда, Хадишаның рөлі онша ауыр емес, бірақ уақиғаны жақсы білгендіктен ойымнан қосып, дұрыстап, үлкен рөлдің бірі қылып ойнап жүрмін.

Маған Хадишаның әндері де қиын сияқты емес. Әнді шын өмірге кіріп тұрып, шын пережить етіп айтқанда адамға қиындық келтірмейтін сияқты. «Қыз Жібектің» әндерін айтқанда кейде күшке тиетіндей қиындықтар кездесуші еді. Ал енді Хадиша рөліндегі әндерді айтып тұрғанымда, сөзбен айтып тұрғанымда бірдей, қайта ән салғанда уақиғаға тереңдей кіріп кеткенімді сеземін.

Әрине, жетпеген жерлері бар. «Жалбыр» – жақында ғана ойнай бастаған пьесамыз. Оны әбден толтырып, дайындап қойдым деп ойламаймын. Ойын сайын кемшілігімізді ашып айтып отыру, өсуге көмек ету – жұртшылықтың міндеті.

Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. – Алматы : Өнер, 2012. – 11-12 б. – (Меретойлық әдебиет).